Банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша азаматтық істерді қараудың сот практикасы туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 25 қарашадағы № 7 Нормативтік қаулысы.

Соттардың банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша заңнаманы қолдану практикасын негізге алып және осы санаттағы істер бойынша заңнама нормаларын біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

қаулы етеді:

1. Банктік қарыз шарттарынан туындайтын қатынастарды реттейтін азаматтық заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына (бұдан әрі — Конституция) негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен (бұдан әрі — АК), Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінен (бұдан әрі — АПК), " Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155 (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң), "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы № 2723 (бұдан әрі – Ипотека туралы заң), "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 (бұдан әрі – Банктер туралы заң), "Қазақстанның Даму Банкі туралы" 2001 жылғы 25 сәуірдегі № 178-II (бұдан әрі – Даму Банкі туралы заң), "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV (бұдан әрі – Атқарушылық іс жүргізу туралы заң), "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VI (бұдан әрі – Төлемдер туралы заң), "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" 2013 жылғы 14 қаңтардағы № 67-V (бұдан әрі – Білім беру жинақтау жүйесі туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарынан, " Банктік қарыз шартын жасасу қағидаларын, оның ішінде банктік қарыз шартының мазмұнына, ресімделуіне, міндетті талаптарына қойылатын талаптарды, қарызды өтеу кестесінің және қарыз алушы – жеке тұлғаға арналған жадынаманың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 248 қаулысынан және басқа да нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 29.09.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

2. Банктік қарыз шарттарынан туындайтын дауларды қарау кезінде соттар осы құқықтық қатынастар туындаған сәтте қолданылатын заңнаманы басшылыққа алуға тиіс.

Банктік қарыз шарттарынан туындайтын дауларды шешу кезінде соттардың шартты жасасу сәтінде қолданылған заңнамада белгіленген тараптар үшін міндетті қағидаларға (императивтік нормаларға) сәйкес келуі тиіс банктік қарыз шартының талаптарын мұқият зерттегені жөн.

Егер банктік қарыз шарты жасалғаннан кейін заңнамада шарт жасалған кезде қолданылған қағидалардан өзге, тараптар үшін міндетті қағидалар белгіленген болса, жасалған шарттың талаптары, егер жаңадан қабылданған заңнамада оның бұрын жасалған шарттардан туындайтын қатынастарға да қолданылытыны белгіленбесе, өз күшін сақтайтынын ескеру қажет (АК-нің 383-бабы).

Нормативтік құқықтық актінің немесе бөлігінің кері күші оның өзінде немесе нормативтік құқықтық актіні қолданысқа енгізу туралы актіде көзделген жағдайларды қоспағанда, банктік қарыз шарттарынан туындайтын қатынастарды реттеу тәртібіне өзгерістер мен толықтыруларды көздейтін нормативтік құқықтық акт оны қолданысқа енгізгеннен кейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

3. Осы санаттағы істерді қарау кезінде соттар АК-нің 727-бабының 1-тармағына сәйкес банктік қарыз шарты бойынша қарыз беруші қарыз алушыға ақшаны қарызға төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық талаптарында беруге міндеттенетінін негізге алуға тиіс.

Қарыз алушы банктік қарыз жөніндегі шарттық қатынастарды жасай отырып, қарыз ақшаны пайдаланғаны үшін қарыз берушіге шартта айқындалып белгіленген қарыз сомасынан пайыздық мөлшерлемемен сыйақыны мерзімде (мерзімділік) төлеуге (төлемділік) және қарыз қаражатын қайтаруға (қайтарымдылық) міндеттенеді.

Төлемділік туралы талаптар ислам банкі қарыз беруші болып табылатын банктік қарыз шарты бойынша көзделуі мүмкін емес (АК-нің 727-бабының 1-1-тармағы).

Ақша түріндегі қарыз нысанасы және төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық талаптары банктік қарыз шартын АК-нің 715-бабында көзделген қарыз шартының бір түрі ретінде қарауға мүмкіндік береді және оны басқа қарыз шарттарынан ерекше етіп көрсетеді.

Банктік қарыз бойынша міндеттемелердің шарттан туындауына байланысты, соттар кредит берушінің (қарыз берушінің) шартты жасасуға құқығының болуын анықтауға, сондай-ақ банктік қарыз шарттары және оларды жасасатын субъектілер үшін белгіленген ерекшеліктер мен талаптарды ескеруге тиіс (АК-нің 727-бабының 2-тармағы, 728-бабы).

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

4. Банктер туралы заңның 30-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес банктік қарыз беру банк операцияларына жатады. Мұндай жағдай банктік қарыз шартын жасасу кезінде қарыз берушіде банктік қарыз операцияларын жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясының болуын білдіреді. (Ерекшеліктер Банктер туралы заңның 6-бабының 2-тармағында, Ұлттық Банк туралы заңның 8-бабының 29) тармақшасында, Даму Банкі туралы заңның 7-бабында және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде көзделген).

5. Соттар банктік қарыз шартында шарттың нысанасы туралы талаптар, заңнамада елеулі деп танылған немесе шарттардың осы түрі үшін қажетті талаптар, сондай-ақ тараптардың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізілген сол талаптар қамтылуы тиіс екенін назарға алуға тиіс.

2019 жылғы 3 шілдедегі № 262-VI Қазақстан Республикасының Заңымен Банктер туралы заңның 34-бабының 2-тармағына өзгерістер енгізілгенін (2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ескеру қажет, оларға сәйкес банктік қарыз шартын жасасу тәртібі, оның ішінде банктік қарыз шартының мазмұнына, ресімделуіне , міндетті талаптарына қойылатын талаптар, қарызды өтеу кестесінің нысандары және қарыз алушы-жеке тұлғаға арналған жаднамалар азаматтық заңнамада белгіленген талаптар ескеріле отырып, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен бекітіледі.

Соттардың (судья) тараптарға татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақыру жіберіп, сотқа талап қоюдың келіп түскені туралы хабарлай отырып, дауды (жанжалды) татуластыру рәсімі (татуласу келісімі, медиация, партисипативтік рәсім) шеңберінде немесе банк омбудсманына жүгініп шешу құқығын, татуласу артықшылықтарын, сондай-ақ АПК-нің 73-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес дәлелдемелерді өзара ашу және ұсыну құқығы туралы түсіндіріп, тараптарды татуластыруға шаралар қабылдағаны, дауды процестің барлық сатыларында реттеуде оларға жәрдемдескені жөн.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 29.09.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

6. Банктік қарыз шартын зерттеу және бағалау кезінде банктік қарыз кімге және қандай мақсатқа, қандай валютамен берілгенін, шарт бойынша төлемдерді индекстеу туралы, қарыз алушының шарт бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету жөніндегі мәселелердің қалай шешілгенін анықтау қажет.

Қарыз қандай валютада берілгенін анықтау кезінде "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау, қаржы ұйымдарының қызметін тәуекелге бағдарланған қадағалау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі № 168-VI Қазақстан Республикасының Заңымен Банктер туралы заңның 34-1-баппен толықтырылғанын, оның 2-тармағында жеке тұлға өтініш жасаған күннің алдындағы қатарынан алты ай ішінде шетел валютасында кірісі болмаған жеке тұлғаларға кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыздарды осы валютада беруге тыйым салынғанын ескеру қажет.

Соттар валютаның баламасына таңылып, теңгемен берілген банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені және төлемдерді индекстеуге жол берілмейтінін ескергені жөн. Бұл шектеу банктердің арасында жасалатын шарттарға қолданылмайды (Банктер туралы заңның 34-бабының 4-тармағы).

Банктер туралы заңда тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген тұлғаларға банк қарыздарын беруге тыйым салынған (Банктер туралы заңның 34-бабының 5-тармағы).

Банктік қарыз шарты тараптарының көрсетілген тыйымдарды бұзуы АК-нің 158-бабы 1-тармағының негізінде осы мәміленің жарамсыздығына (маңызсыздығына) және тиісті салдардың басталуына әкеп соғуы мүмкін.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 29.09.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

7. Банктік қарыз шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы талапты қараған кезде мыналарды:

шарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы немесе тиісті түрде орындалмауы және осы бұзушылықтардың себептері неден көрінетінін;

өндіріп алуға жататын берешек неден құралғанын (негізгі борыш, сыйақы, тұрақсыздық айыбы, айыппұл, өсімпұл);

берешекті өндіріп алу туралы талаптар банктік қарыз шартының талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін;

міндеттемені орындау кепілмен қаншалықты қамтамасыз етілгенін;

міндеттемені, оның ішінде кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені мерзімінен бұрын орындау және кепілге салынған мүлік арқылы өндіріп алуды қолдану үшін негіздердің бар-жоғын (АК-нің 321, 721, 722-баптары);

қарыз беруші мен қарыз алушы берешекті өтеуге қандай шараларды қабылдағанын және олар неден көрініс тапқанын;

борышкердің жауапкершілік үлесін азайтуға мүмкіндік беретін мән-жайлар мен істі дұрыс әрі объективті шешуге қажетті басқа да мән-жайлардың бар-жоғын анықтау қажет.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

8. Банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша соттар олардың заңдылығын және негізділігін мұқият тексеруге, негізгі борыш, сыйақы, тұрақсыздық айыбы бойынша берешек есептерінің дұрыстығын зерттеуге тиіс.

Қажет болған жағдайда сот арнаулы білімі бар мамандарды істі сот талқылауына дайындау сатысында да, сот отырысының барысында да тарта алады (АПК-нің 77-бабы).

Соттардың "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы № 422-V Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Жұмыс істемейтін кредиттердің мәселелері жөніндегі заң) Банктер туралы заңның 34-бабы белгілі бір талаптар болған кезде банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушының берешегін өтеу кезектілігін белгілейтін 7-1-тармақпен толықтырылғанын (2016 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) ескергені жөн (олар қолданысқа енгізілген күннен бастап бұрын жасалған шарттардан туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады).

Егер қарыз алушы қайтарған төлем сомасы қарыз алушының міндеттемесін орындауы үшін жеткілікті болса, онда осы сома қарыз алушының берешегін банктік қарыз шартында көрсетілген кезектілікпен өтейді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 29.09.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

9. Соттар тараптардың дәлелдерін зерттеу кезінде банктің, ипотекалық ұйымның немесе дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымның басқару органы бекітетін Ішкі кредит саясаты туралы қағидалардың ережелерін ескеруге тиіс (Банктер туралы заңның 34-бабының 8, 9, 10, 11-тармақтары).

Ішкі кредит саясаты туралы қағидалар банктік қарыз беру талаптарын, оның ішінде банктік қарыз беру үшін қажетті талаптарды, қарыз алушының төлемге қабілеттігінің

қажетті өлшемшарттарын, банктік қарыз беруге болатын тұлғалардың санаттарын, соманы, мерзімдерді, қарыз беруші берген қарызды қамтамасыз ету, сүйемелдеу, олардың мониторингі жөніндегі талаптарды белгілейді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

10. Іс үшін маңызды болатын мән-жайлар шеңберін дұрыс анықтау мақсатында соттар кредиттік дерекнаманың құжаттарын зерттеуге тиіс, ол жалпы қағида бойынша кредит беру туралы шартқа қол қойылған күні ашылып, оның қолданылуы тоқтатылған сәтте ғана жабылады.

Соттар кредиттік дерекнаманың құжаттары бойынша қарыз алушының кредит төлеу қабілеттігіне (төлем қабілеттігіне) жан-жақты, толық әрі сапалы бағалауды қарыз берушінің жүргізгенін анықтауға тиіс. Атап айтқанда, қарыз алушының қарызды, салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша, үшінші тұлғалар алдындағы берешекті өтеу үшін тұрақты әрі жеткілікті кірісінің және өзге табыс көздерінің бар-жоғы анықталады.

Сот қарыз алушының кредит төлеу қабілеттігіне бағалауды қарыз берушінің жүргізбегенін немесе тиісті дәрежеде жүргізбегенін, оның қарыз алушының банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамауына және (немесе) тиісті дәрежеде орындамауына әсерін тигізгенін анықтаған кезде борышкердің жауаптылығы үлесін (тұрақсыздық айыбын, айыппұлды, өсімпұлды өндіріп алуға қойылған соманы) азайта алады (АК-нің 364-бабының 1-тармағы).

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 29.09.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

11. Егер кредит беруші міндеттеменің орындалмауынан немесе тиісті дәрежеде орындалмауынан келтірілген залал көлемінің ұлғаюына қасақана немесе абайсызда себепкер болса не олардың азаюына ақылға қонымды шаралар қолданбаса, борышкердің жауаптылығының үлесі де азайтылуы мүмкін. Мысалы, қарыз беруші берешекті өндіріп алу, кепілге қойылған мүлік арқылы өндіріп алуды қолдану туралы талап қоюмен сотқа уақтылы жүгінбей, талап қою мерзімін жасанды түрде ұзартса, бұл тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасының, қарыз алушының жалпы берешегі сомасының көбеюіне алып келіп, қарыз берушіге кепілде тұрған мүлік арқылы өндіріп алуды қолдану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге негіз берді.

Кредитордың кінәсі, егер борышкер кредиторға берешектің туындау себептері, өз берешегінің пайда болуын негіздейтін басқа да объективті расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді жазбаша өтініш арқылы, оның ішінде шарттың талаптарын өзгерту туралы өтінішхатпен жүгініп, дауды сотқа дейін реттеу шараларын

қабылдаса, залал келтірілуіне жол бермеу не оның көлемін шектеу бойынша өзіне байланысты шараларды қабылдамауынан да көрінеді.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

12. Қарыз алушының тарапынан міндеттеменің кез келген орындалмауы немесе тиісті дәрежеде орындалмауы қарыз берушіге банктік қарыз бойынша берешекті өндіріп алуға және кепілге қойылған мүлік арқылы өндіріп алуды қолдануға құқық бере бермейді.

Жалпы қағида бойынша борышкер кінәлі болған кезде, егер заңнамада немесе шартта өзгеше көзделмесе, оның міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауаптылығы туындайды. Егер борышкер міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын және міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған тұлға үшін өзге қағидалар белгіленген. Мұндай тұлға, егер тиісті түрде орындау еңсерілмес күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және алдын алу мүмкін емес мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және сол сияқтылар) салдарынан мүмкін болмағынын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықта болады. Заңда мұндай мән-жайларға, атап айтқанда орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің нарықта болмауы жатқызылмаған.

Заңнамада немесе шартта жауаптылықтың және одан босатудың өзге де негіздері көзделуі мүмкін (АК-нің 359-бабы).

Соттар көрсетілген мән-жайларды анықтауға және міндеттемелерді орындауға кедергі болған объективті себептер туралы дәлелдемелермен расталған борышкердің дәлелдеріне (мысалы, қарыз алушының қарыз қайтару талаптарын бұзуына баланың тууына байланысты ауруханада жатқаны себеп болды және бұл туралы медициналық құжаттар бар және сол сияқтылар) тиісті құқықтық баға беруі қажет.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

13. Қарыз алушы қарыз нысанасын қайтаруға және оны пайдаланғаны үшін сыйақыны шартта көзделген тәртіппен және мерзімде төлеуге міндетті (АК-нің 715, 718, 722, 727-бабтарының 1-тармақтары).

Осы міндеттемелердің бұзылуы АК-нің 728-бабында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, қарыз алушыдан берешекті өндіріп алуға негіз болып табылады (АК-нің 727-бабының 2-тармағы).

Қарыз алушы шартта көзделген қарыз нысанасының кезекті бөлігін қайтару жөніндегі (егер шартта қарыз нысанасын бөлшектеп (бөліп-бөліп) қайтару көзделсе), сыйақыны төлеу жөніндегі (егер шартта қарыз бойынша сыйақыны қарыз нысанасының өзін қайтару мерзімдерінен бұрын төлеу мерзімі көзделсе) мерзімдерді бұзған кезде, одан берешекті мерзімнен бұрын өндіріп алу үшін қайтару мерзімінің бұзылуы күнтізбелік қырық күннен астам болуы тиіс (АК-нің 722-бабының 3 және 4-тармақтары, 728-бабының 7-тармағы).

14. Қарыз берушіде қарыз алушыдан қарыз нысанасын мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету құқығы туындайтын жағдайлар АК-нің 321-бабында, 720-бабының 3-тармағында, 721-бабының 2-тармағында, 722-бабының 3, 4-тармақтарында көзделген.

Қарыз берушіде қарыз нысанасын мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету құқығының, ал егер оның талабы қанағаттандырылмаса, кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану құқығының да туындауы АК-нің 321-бабының 2-тармағында бекітілген.

Соттар АК-нің 321-бабының 2-тармағын қолдану кезінде "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, шарттық міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 17 шілдедегі № 333-V Қазақстан Республикасының Заңымен осы тармақтың 4) тармақшамен толықтырылғанын ескеруі тиіс.

Ол бойынша қарыз беруші (қарыз алушы) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені бұзған кезде (АК-нің 317, 720 және 722-баптары, Ипотека туралы заңның 20-бабы), кепіл ұстаушы (қарыз беруші) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені мерзімнен бұрын орындауды талап етуге, ал егер оның талабы қанағаттандырылмаса, өндіріп алуды кепіл нысанасына аударуға құқылы.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

15. Банктер туралы" 21 жылғы 24 мамырдағы № 43-VII Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Заңның 36-бабы жаңа редакцияда (2021 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді) жазылған, банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындаудың өткізіп алынған мерзімі болған кезде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей, банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен және мерзімдерде қарыз алушыны банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындағаны туралы және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсетіп, банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді енгізу қажеттігі; банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы-жеке тұлғаның банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) өтініш жасау құқығы; қарыз алушының банктік қарыз шарты

бойынша өз міндеттемелерін орындамау салдары туралы хабардар етуге міндетті. Банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

Хабарламадан туындайтын талаптар қанағаттандырылмаған, сондай-ақ қарыз алушы – жеке тұлға Банктер туралы заңның 36-бабының 1-1-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған не тараптар арасында банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайларда, банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) қарыз алушыға қатысты Банктер туралы заңның 36-бабының 2, 2-1-тармақтарында көзделген шараларды қолдану туралы мәселені қарауға құқылы.

Осы санаттағы істерді қарау кезінде соттарға қарыз берушінің қарыз алушыға қарызды мерзімнен бұрын қайтару туралы талабының заңдылығын анықтау, сондай-ақ ол туралы хабарламаны қарыз алушының мекенжайына жіберу рәсімінің сақталуын айқындау қажет.

Егер сот (судья) хабарламаның қарыз алушыға жіберілмегенін не Банктер туралы заңның 36-бабының нормалары бұзылып жіберілгенін не қарыз алушы-жеке тұлғаның банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) өтінішпен жүгінген жағдайда талап қоюшының осы баптың 1-2-тармағында көзделген қарыз алушымен дауды сотқа дейін міндетті реттеуге бағытталған талаптарды орындамағанын анықтаса, онда көрсетілген мән-жайлар орын алған кезде сот (судья) талап қоюды қайтарады, өйткені талап қоюшы осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген немесе тараптардың шартында көзделген дауды сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу тәртібін сақтамаған және осы тәртіпті қолдану мүмкіндігі жойылмаған (АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы).

Егер талап қою сот ісін жүргізуге қабылданса, онда ол қараусыз қалдырылады (АПК-нің 168-бабының бірінші бөлігі, 279-бабының 1) тармақшасы).

Егер қарыз берушіде аталған құқықтық қатынас бойынша заңды күшіне енген сот шешімі болса, онда тараптардың құқықтық қатынастары банктік қарыз шартынан емес, сот актісінен жалғасады.

Сот АПК-нің 239-бабының бірінші бөлігіне сәйкес өндіріп алушының арызы бойынша сот шешімімен өндіріп алынған ақшалай сомаларға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сот шешімі орындалған күнгі базалық мөлшерлемені негізге ала отырып, тиісті индекстеуді жүргізе алады.

Банктер туралы заңның 36-бабының нормалары қарыз алушының мұрагерлерге өткен мүлкінің құны шегінде олардан несие берешегін өндіру туралы банктің (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның) талаптарына қолданылмайтыны соттарға түсіндірілсін.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 29.09.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2024 № 4 (

алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

16. Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау заңнамада немесе шартта көзделген тұрақсыздық айыбы, кепіл, кепілдік, кепілдеме және басқа да әдістер арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін (АК-нің 292-бабының 1-тармағы, Банктер туралы заңның 35-бабы).

Банктер туралы заңның 35-бабын қолдану кезінде соттар осы нормаға бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулардың енгізілгенін ескеруі тиіс. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ипотекалық кредит беру және қаржылық қызметтерді тұтынушылар мен инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 10 ақпандағы № 406-IV Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Ипотекалық кредит беру мәселелері туралы заң) сәйкес жоғарыда көрсетілген бап жаңа редакцияда жазылған және осы баптың 2-тармағында банктік қарыз шарты бойынша (оның ішінде ипотекалық қарыз шарты бойынша) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу мен өндіріп алуға шектеулер көзделген, жеке тұлғамен жасалған банктік қарыз шарты бойынша қарыз сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу міндеттемесін бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 пайызынан артық болмауға тиіс, бірақ банктік қарыз шарты қолданылатын әрбір жылға берілген қарыз сомасының он пайызынан аспауға тиіс (Банктер туралы заңның 35-бабының 2-тармағы).

Бұл ретте Заңның осы нормасы бұрын жасалған банктік қарыз шарттарынан туындайтын қатынастарға қолданылады. Жеке тұлғалармен жасалған банктік қарыз шарты бойынша Ипотекалық кредит беру мәселелері бойынша заң қолданысқа енгізілгенге дейін төленген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) не заңды күшіне енген сот актісіне сәйкес төленуге тиіс тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) қайта есептелуге жатпайды.

Жұмыс істемейтін кредиттердің мәселелері бойынша заңға сәйкес Банктер туралы заңның 35-бабының 2-тармағы жаңа редакцияда жазылған. Осы нормаға сай жеке тұлғамен жасалған банктік қарыз шарты бойынша қарыз сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімін өткізіп алудың тоқсан күні ішінде мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 пайызынан аспауға тиіс, мерзімін өткізіп алудың тоқсан күні өткеннен кейін мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,03 пайызынан аспауға, бірақ банктік қарыз шарты қолданылатын әрбір жылға берілген қарыз сомасының он пайызынан артық болмауға тиіс.

Заңның аталған нормасы 2016 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген және бұрын жасалған шарттардан туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады.

Жеке тұлғамен жасалған, аталған Жұмыс істемейтін кредиттердің мәселелері бойынша заң қолданысқа енгізілгенге дейін төленген банктік қарыз шарты бойынша тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) не заңды күшіне енген сот актісіне сәйкес төленуге жататын тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) қайта есептелуге жатпайды.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

17. Банктік қарыз шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы істерді қарау кезінде борышкердің міндеттемелерді бұзуына алып келген себептерді, АК-нің 359-бабында көзделген міндеттемені бұзғаны үшін жауаптылық негіздерінің (борышкер кінәсінің, еңсерілмес күштің және тағы да басқалардың болуы), кредит беруші кінәсінің (АК-нің 364-бабы) және іс үшін маңызды болатын басқа мән-жайлардың бар болуын немесе жоқтығын зерттеу қажет.

Егер төленуге тиіс тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) кредит берушінің шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болғаны анықталса, сот борышкердің талабы бойынша борышкердің міндеттемені орындау дәрежесін және борышкер мен қарыз берушінің назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайтуға құқылы (АК-нің 297-бабы).

АК-нің 297-бабының ережелерін ескере отырып, сот (судья) жауапкерге (борышкерге), егер тұрақсыздық айыбы кредитордың шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, оны төмендету туралы өтінішхат беру құқығын түсіндіруі қажет. Сот шешімінде тұрақсыздық айыбын азайту туралы түйіндер уәжді болуға тиіс.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 29.09.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

18. Тараптардың жауаптылығын анықтау кезінде соттар Банктер туралы заңның төлемге қабілетсіз қарыз алушыға қатысты қолданылатын шараларды, сонымен қатар банктік қарызды беру мақсаттарына қарай оны қорғау бойынша шараларды да көздейтінін назарға алуға тиіс.

Банктер туралы заңның 34-бабының 6-1-тармағына сәйкес банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) банктік қарыз шартын жасасу күні негізгі борыш сомасы тіркеуге жататын мүлік кепілімен және (немесе) ақша кепілімен толық қамтамасыз етілген жағдайларды қоспағанда, негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу міндеттемесін орындау мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік тоқсан күні өткен соң есепке жазылған сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлды), сондай-ақ қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерді төлеуді талап етуге тыйым салынады.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 29.09.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

19. Берешекті өндіріп алу және кепіл (кепілге қойылған) мүлікке өндіріп алуды қолдану туралы дауларды шешу кезінде АК-нің 299-бабына сәйкес кредит берушінің (кепіл ұстаушының) борышкер кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған жағдайда кепілге қойылған мүлік құнынан басқа кредит берушілердің алдында артықшылықпен қанағаттандырылуға құқығы бар.

Кредит берушінің (кепіл ұстаушының) осы құқығы өзінің талаптарын борышкердің кепілде тұрмаған өзге мүлкінің есебінен қанағаттандыру мүмкіндігінен айырмайды. Мұндай жағдайда кредит беруші басқа кредит берушілердің алдында өзінің талаптарын артықшылықпен қанағаттандыру құқығынан айырылады.

АК-нің 299-бабының 2-тармағына сәйкес кәсіпорындар, үйлер, ғимараттар, пәтерлер, жер учаскелеріне және басқа қозғалмайтын мүлікке құқықтар кепілде (ипотека) болған кезде аталған құқықтық қатынас Ипотека туралы заңмен реттеледі. Ипотека туралы заңда өзге қағидалар белгіленбеген кезде ипотекаға АК-да қамтылған кепіл туралы жалпы қағидалар қолданылады.

Ипотека туралы заңның 20-бабына сәйкес борышкер негізгі міндеттемені орындамаған жағдайда, кепіл ұстаушы өз талаптарын:

ипотеканы сот тәртібімен өткізу;

егер бұл заңнамалық актілерде не ипотека шартында немесе тараптардың кейінгі келісімінде көзделген болса, ипотеканы сот тәртібінен тыс өткізу;

сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланған жағдайда, кепілге салынған мүлікті өз меншігіне айналдыру (Ипотека туралы заңның 32-бабы) арқылы қанағаттандыруға құқылы.

Кепіл мүлкін соттан тыс тәртіппен өткізу кредитор-кепіл ұстаушының құқығы болып табылады және осы мүлікті сот шешімімен өткізу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Мүлікті соттан тыс өткізу дауды сотқа дейін шешудің міндетті тәртібі болып табылмайтынын ескерген жөн. Сондықтан кепіл ұстаушының кепілге қойылған мүлікті соттан тыс тәртібімен өткізуді қолданбауы, соттың талап қоюды АПК-нің 279-бабының 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша қараусыз қалдыруына негіз болып табылмайды.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 29.09.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

20. АК-нің 305-бабының 1-тармағына сәйкес борышкердің өзі де, үшінші тұлға да кепіл беруші болуы мүмкін.

Қарыз алушы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін өз мүлкін кепілге бере отырып, кепіл беруші-үшінші тұлға (заттай кепілгер) (бұдан әрі – заттай кепілгер) қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша тарап болмайды, яғни ол қарыз берушінің (кредитордың), сондай-ақ қарыз алушының (борышкердің) құқықтары мен міндеттемелерін иеленбейді. Сондықтан АК-нің 269-бабының 2-тармағында көзделгендей, заттай кепілгерде қарыз алушы мен қарыз берушінің алдында үлестікте, ортақта, субсидиарлы міндеттемелер туындамайды, демек, тиісті жауаптылық та туындамайды.

Заттай кепілгер өз мүлкімен, өз жауапкершілігімен және тәуекелдікпен борышкердің кредитор алдындағы міндеттемені орындауын қамтамасыз етеді (АК-нің 292, 299-баптары), яғни ол өзінің, кредитор мен борышкердің арасында жасалған кепіл шартының шеңберінде кепіл берушінің құқықтары мен міндеттерін иеленеді.

Сонымен қатар, АК-нің 319-бабының 7-тармағына сәйкес заттай кепілгер кепіл нысанасы сатылғанға дейін кез келген уақытта оған өндіріп алуды қолдануды және оны сатуды кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені немесе оның орындалу мерзімі өткен бөлігін орындап, тоқтатуға құқылы. Осы құқықты шектейтін келісім маңызсыз болады. Бұл жағдайда кепіл беруші қарыз бойынша орын алған берешекті өз еркімен өтеу негізінде өзіне борышкердің құқықтарын қабылдайды. Осы норманың мағынасы бойынша заң шығарушы заттай кепілгерге кепілге берілген өз мүлкін сақтап қалу мақсатында таңдау құқығын ұсынады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

21. Борышкер (қарыз алушы) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған жағдайда, АК-де белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда, кредиторда кепіл шарты бойынша заттай кепілгер кепілге салған мүлік құнынан осы мүлік тиесілі тұлғаның басқа кредиторларының (кепіл беруші) алдында артықшылықпен қанағаттандырылуға құқық туындайды.

Борышкермен бірге кредитор алдында ортақ жауапкершілікте болатын кепілдік беруші мен кредитор алдында субсидиарлы жауапкершілікте болатын кепілгерге қарағанда (АК-нің 332-бабы), заттай кепілгер кредитордың алдында жоғарыда көрсетілген жауапкершілік түрлерін көтермейді. Егер кепілдік беруші мен кепілгерге олар борышкердің кредитор алдындағы міндеттемелерін орындаған кезде кредитордың осы міндеттеме бойынша құқықтары көшсе (АК-нің 334-бабы), онда заттай кепілгерге осы құқықтардың көшуі қолданыстағы заңнамада көзделмеген.

Сондықтан да, мүлкін заңнамада көзделген тәртіппен кредитор өткізген заттай кепілгер борышкерден өткізілген кепіл мүлкінің құнын оған өтеуді талап ету құқығын, егер кепіл шартының тараптары осы құқықты шарттың өзінде көздемесе немесе мұндай құқық заңнама актілерінде көзделмесе, иеленбейді. АК-нің 344-бабының 3-тармағында

көзделген негіздер АК-нің 319-бабының 7-тармағында көрсетілген шарттар болған кезде ғана қолданылады, оған сәйкес заттай кепілгер кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені немесе оның орындалу мерзімі өткен бөлігін орындап, кепіл нысанасы сатылғанға дейін кез келген уақытта оған өндіріп алу мен оны өткізудің қолданылуын тоқтатуға құқылы.

Егер негізгі шарт бойынша берешекті қайтару борышкердің заңсыз әрекеттерінің нәтижесінде мүмкін болмаса, онда берешекті өтеу үшін мүлкі өткізілген заттай кепілгер борышкерден залалды өтеткізуді талап етуге құқылы.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

22. Соттар банктік қарыз шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы талапты шешкенде борышкердің кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені бұзуы болмашы болып, соның салдарынан кепіл ұстаушы талаптарының мөлшері кепілге салынған мүліктің құнына көрінеу сәйкес келмесе, кепілге салынған мүлікке өндіріп алуды қолдану туралы талапты қанағаттандырудан бас тарта алатыны (АК-нің 317-бабының, Ипотека туралы заңның 21-бабының 2-тармақтары) соттарға түсіндірілсін.

Мынадай жағдайлар жиынтығы болған кезде:

орындалмаған міндеттеменің сомасы (тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) есепке алынбастан) тараптар кепіл туралы шартта айқындаған, кепілге салынған мүлік құнының он пайызынан кемін құрағанда;

кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу кезеңі үш айдан кем болғанда, кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені бұзу болмашы және кепіл ұстаушы талаптарының мөлшері кепілге салынған мүліктің құнына анық мөлшерлес емес болып табылады.

Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес және жеке тұлғаның тұрғын үйімен қамтамасыз етілген ипотекалық қарыздар бойынша өзге талаптар белгіленген, ондай талаптар болған кезде кепілге салынған мүлікке өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

Мұндай жағдайда кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің бұзылуы болмашы болып табылады және кепіл ұстаушы талаптарының мөлшері мынадай жағдайлар жиынтығы болған кезде:

орындалмаған міндеттеменің сомасы (тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке алмағанда) тараптар кепіл туралы шартта айқындаған, кепілге салынған мүлік құнының он бес пайызынан кем болса;

кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу кезеңі алты айдан кем болса, кепілге салынған мүліктің құнына анық мөлшерлес емес болып табылады (АК-нің 317-бабының 2-тармағы).

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 29.09.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

23. Егер қарызды банк берген болса, онда шарттың талаптарын бұзатын қарыз алушыға қатысты қолданылатын шаралардың бірі даусыз (акцептсіз) тәртіппен, оның ішінде төлемдік талапты ұсыну арқылы қарыз алушының кез келген банк шоттарындағы ақшаға өндіріп алуды Төлемдер туралы заңның 27-бабының 10-тармағында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, қолдануға болатынын (егер мұндай өндіріп алу банктік қарыз шартында көрсетілген болса) соттар ескеруге тиіс.

Қарыз алушыға осы ықпал ету шарасы мынадай жиынтықта:

банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың басталуы;

банктің банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен және мерзімдерде қарыз алушыны банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімді өткізіп алудың туындағаны және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді енгізу қажеттігі, банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы – жеке тұлғаның банкке (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) өтініш жасау құқығы және қарыз алушының банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдарлары туралы хабардар етуі;

аталған хабарламадан туындайтын талаптарды қанағаттандырмау жағдайлары болған кезде қолданылады (Банктер туралы заңның 36-бабы).

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 29.09.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

24. Борышкердің кез келген банк шоттарындағы ақшаға өндіріп алуды заңнамада белгіленген тәртіппен (оның ішінде төлемдік талапты ұсыну арқылы) қолдану кезінде Конституцияның 28-бабын сақтау қажет, оған сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 115-бабын сақтау қажет, ол бойынша ай сайынғы ұстап қалудың мөлшері жұмыскерге тиесілі жалақының елу пайызынан аспауға тиіс (Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 95-бабы).

25. Ақшаға өндіріп алуды қолдануға шектеулер қою кезінде 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 217-VI және 2021 жылғы 24 мамырдағы № 43-VII Қазақстан

Республикасының Заңдарымен Банктер туралы заңның 36-бабының 2-тармағына өзгерістер енгізілгені назарға алынуға тиіс (2021 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді).

Көрсетілген нормаға сәйкес төлем талабын қою арқылы банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы – жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу оның банктік шотындағы ақша сомасының және (немесе) кейіннен қарыз алушының банктік шотына түсетін әрбір ақша сомасының елу пайызы шегінде шектеледі және төлем талабын толық орындау үшін қажетті барлық соманың банктік шотқа түсуі күтілместен жүзеге асырылады. Бұл ретте жеке тұлғаның ағымдағы шотында сақталатын ақша сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінен аз болмауға тиіс. Көрсетілген шектеу қарыз алушы – жеке тұлғаның жинақ шотындағы ақшаға қолданылмайды.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 29.09.2022 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

26. Міндеттемелерді тоқтату негіздерінің бірі азаматтың қайтыс болуы болып табылады (АК-нің 367-бабының 1-тармағы).

Қарыз алушының қайтыс болуы оның қарыз бойынша міндеттемелерін, егер АК-нің 376-бабының негізінде орындауды жүргізу борышкердің жеке өзінің қатысуымен ғана мүмкін болатын жағдайда тоқтатады.

Мұра қалдырушының Банк алдындағы міндеттемелерін сақтау туралы мәселе нотариустың мұра құрамын қалыптастыруы кезінде шешілуге тиіс (АК-нің 1040-бабы).

АК-нің 1081-бабының талаптарына сәйкес мұраны қабылдаған мұрагерлер міндеттемелер бойынша әрбір мұрагерге ауысқан мүлік құнының шегінде ортақ борышкерлер ретінде жауап береді.

Қарыз алушының қайтыс болуы жауаптылығы АК-нің 269-бабының 2-тармағының, 287, 288, 299, 329, 330-баптарының нормаларында көзделген кепілдің, кепілгердің, кепіл берушінің банктік қарыз шарты бойынша міндеттемесін тоқтатпайды.

27. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы Қ.МӘМИ
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,

жалпы отырыс хатшысы Қ.ШАУХАРОВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК